



МҰРДАЖ- ҚАЗАЛЫ



№56
(2121)
Сәрсенбі
14 маусым
2023 жыл



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ ТӨРАҒАСЫ АУДАНҒА КЕЛДІ

Облыстық мәслихаттың төрағасы Наурызбай Байқадамов бастаған жұмысшы топ мүшелері жұмыс сапарымен ауданға келіп, бірқатар нысандардың жұмысымен танысты.

Топ құрамында облыстық мәслихаттың депутаттары: Нүркен Бақытбекұлы мен Нұрлан Имандосов, облыстық бақылау басқармасының басшысы Ғанижан Қалиев және бірқатар аудандық мәслихаттың депутаттары болды.

Наурызбай Сейітқалиұлы «Алға» ауылдық округіне барып, елді мекендегі «Жаңажол», Жаңажол орамы, Әбдіразақов, Орымбет Ишан автомобиль жолдарының жөндеу жұмыстарын көрді. Аудан әкімінің міндетін атқарушы Күнтілес Назымбеков ауылдағы жолдардың жайынан хабардар етті.

Сондай-ақ, мердігер мекеме «Нұрас и К» ЖШС өкілдері 2,1 шақырымды құрайтын 4 көшеге гравийлі құмды қоспа және асфальт қабаты толықтай төселгенін айтып, қазіргі таңда жол жиегін бекіту жұмыстары жүргізіліп



жатқандығын баяндады.

Облыстық мәслихаттың төрағасы «Қарлаң» учаскесіне ат басын бұрып, темір-бетон көпір құрылысымен танысты. Жауапты мамандарға көпірдің маңыздылығы жоғары екенін айтып, уақытылы аяқтап, сапасына мән беру қажеттігін ескертті.

Сонымен қатар жауаптыларға құрылыс жұмыстарын ұдайы бақылауда ұстау керек екенін айт-

ты.

Наурызбай Сейітқалиұлы Қазалы ауданындағы жұмыс сапарының екінші күні Әйтеке би кентінде салынып жатқан 250 орындық мектеп құрылысына барды.

Жаңа білім ошағын биыл жаңа оқу жылында пайдалануға беру жоспарлануда. Бұл жөнінде мердігер мекеменің қызметкері баяндады.

Облыстық мәслихаттың

төрағасы мектеп құрылысының кемшін тұстарын айтып, жұмыстың бәсеңдеуі мердігер мен техникалық қадағалаушының осалдығынан екенін қадап айтты.

Әйтеке би кентіндегі 600 орындық мәдениет үйіне барған облыстық мәслихаттың төрағасыәлі күнге дейін неліктен пайдалануға берілмей тұрғанынан хабар алды.

Мұнда құрылыс-монтаж жұмыстары 90% атқарылған. Енді ДЭС қондырғысы және сахна жабдықтарын орнату кезекте тұр.

Наурызбай Сейітқалиұлы Әйтеке би кенті мен Қазалы қаласының аралығындағы төртжолалы жолдың құрылысын көріп, мердігер мекеме қызметкерлерімен кездесті.

-Жол әлі біткен жоқ. Халық игілігіне пайдаланған жоқ. Ал жұмысқа салғырт қарап отырған қызметкерлерді баяғыша жеткізсек, халықтың жауы дейді. Сондықтан айтылған уақытында жол құрылысы аяқталуы қажет,-деді облыстық мәслихаттың төрағасы.

**Қазалы ауданы әкімдігінің
баспасөз қызметі**

АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ ТҰРАҚТЫ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ БІРЛЕСКЕН ОТЫРЫСЫ ӨТКІЗІЛДІ

Аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен отырысы өткізілді. Комиссия отырысына аудандық мәслихаттың депутаттары, аудан әкімінің міндетін атқарушы К.Назымбеков, құқық қорғау органдарының басшылары, аудан әкімдігіне қарасты дербес бөлім басшылары мен қала, кент, ауылдық округ әкімдері қатысты.

Комиссия отырысына аудандық мәслихаттың депутаты Ә.Сарабеков төрағалық етті. Тұрақты комиссиялардың бірлескен отырысының күн тәртібінде төмендегідей мәселелер қаралды:

1.«Аудандық маңыздағы автомобиль жолдарының құрылысына бөлінген қаржылардың игерілуі және жол құрылыс жұмыстары туралы» Қазалы аудандық мәслихатының 2022 жылғы 20 қазандағы №12 қаулысының орындалуы туралы»

2.«Қазалы ауданы бойынша 2022 жылы ветеринариялық қызметті нығайту және дамыту бағытында атқарылған жұмыстар мен 2023 жылға арналған міндеттер» туралы.

Бірінші мәселе бойынша аудан әкімінің орынбасары Ж.Сүйеубаев, Әйтеке би кентінің әкімі Қ.Орынбасаров, Қазалы қаласының әкімі Р.Ізтілеуов хабарлама жасады. Хабарламашыларға депутаттар А.Рахметов, Н.Жалғасбаев, А.Орымбаев, Е.Табынбаев, Н.Ботабаев, Э.Нұрмағанбетова сұрақтарын қойып, ұсыныс-пікірлерін ортаға салды.

Депутаттар сайлаушылар сұранысына сәйкес Әйтеке би кентіндегі жөндеуді қажет ететін көшелерге қаржы қарастырып, жоспарға енгізуді сұрады.

Қазіргі таңда Қазалы қаласы мен Әйтеке би кенті аралығындағы төрт жолақты жол құрылысы жұмыстарын 2023 жылдың 30 маусымына дейін аяқтауға мәжбүрлеп орындау туралы сот шешімі шығарылған. Комиссия отырысына қатысқан мердігер компания «Стандарт Ойл КЗО» ЖШС директоры А.Ертаев депутаттарға жолды 30 маусымға дейін бітіре алмайтынын айтып, 1 қазанға дейін аяқтауға уәде берді. Халық қалаулылары мердігер компа-

ния директорының бұл сөзіне сенімсіздік білдіріп, жөндеу жұмыстары толық біткенше әрбір күні атқарылатын жұмыс кестесі мен кепіл хат беруін талап етті.

Сонымен бірге, Қазалы ауданы әкімдігінен: жол құрылысы жұмыстарының орындалуына байланысты мердігер мекемелерден келісім-шартта көрсетілген мерзімдердің сақталуын талап ету, аудандық маңызы бар автомобиль жолдарды салу, пайдалану, күтіп ұстау шығындарына және жөндеуді қажет ететін жолдарға жоба-сметалық құжаттарын жасатуға аудандық бюджеттен қаржы бөлу, кент, қала және ауылдық округтердегі көшелерге бағдаршамдар мен жол қауіпсіздік белгілерін орнату, жол құрылысы жұмыстарын жүргізетін мердігер мекемелердің келісім-шарт бойынша көрсетілетін қызметтерінің сапасын тексеру жұмыстары сұралды.

Екінші мәселе бойынша аудандық ветеринариялық станциясының директоры Б.Әміреевтің хабарламасынан соң депутаттар: А.Рахметов,

Ж.Өтеев, Р.Бөлебаев, Е.Табынбаев ұсыныстарын жеткізді. Депутат Р.Бөлебаев қазіргі кезде мал ауруларына қарсы вакциналардың сапасы нашар, еш әсері жоқ екенін айтып, алдағы уақытта оларды лабораториялық тексеруден өткізу қажеттігін жеткізді. Халық қалаулылары тарапынан аудандық ветеринариялық станциясынан: мал аурулары анықталған ошақтарды жою, жабайы, ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру дерекқоры базасына тіркеу жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу; ветеринариялық пункттердің техникалық базасын нығайту, ветеринария мамандарын қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру, мал ауруларына қарсы вакциналарды уақытылы салдыру туралы халыққа түсіндірме жұмыстарын жүргізу жұмыстары сұралды.

Комиссия отырысының соңында депутаттардың дауысқа салу қортындысымен тиісті қаулылар қабылданды.

**Қазалы аудандық
мәслихатының аппараты**

● Қызылорда облыстық сотына – 85 жыл

СУДЬЯ – ӘДІЛДІК АЙНАСЫ

Соңғы жылдары еліміздің сот саласындағы қазылардың әділдігіне қатысты талаптар күшейтілуде. Әсіресе, олардың сыбайлас жемқорлық әрекеттерінен аулақ болып, халықтың сеніміне лайықты шешімдер шығаруына аса мән берілуде.

«Тура жолдан таюға бейім тұратын жандарға сот саласында орын жоқ», – деген Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев әділетті қоғам құру жолында судьялардың тазалығына көп нәрсе байланысты екенін атап өткен болатын.

Сот билігін Қазақстан Республикасының атынан тек сот қана жүзеге асырады. Соттардың толық тізбесі Қазақстан Республикасында және «Сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы» Конституциялық заңда айқындалған. Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуына, құқықтық мемлекет ретінде орнығуында сот жүйесінің алар орны айрықша.

Еліміздің сот төрелігін заман талабына сай жаңғырту жұмыстары жылдар бойы үздіксіз жүргізіліп келеді. Бұл салаға енгізілген түрлі реформалардың нәтижесінде сот саласының жұмысы серпін алып, соттың ашықтығы мен қолжетімділігі арта түсуде. Судьялардың кадрлық іріктеу жүйесі жаңғыртылды, судьялар әдебінің жаңа кодексі қабылданып, тараптарды бітістіру рәсімдері мен дауларды соттан тыс реттеу тетіктерін жетілдіру қолға алынды. Бұл өзгерістердің барлығы сот саласының

дамуына ықпал етіп, судьялардың жұмысына жаңаша бағыт берді. Ең бастысы, дұрыс шешім тапса халықтың сотқа деген сенімі қалыптасып, соттың беделі арта түсері сөзсіз.

Мемлекет басшысының соттың құзыреттілігін аумақпен шектемеу керектігін айтқан ұсынысы халықты бір серпілтіп тастады. Соның бір дәлелі қазіргі таңда халықтың сот орындарына қатысты арыз-шағымдары да айтарлықтай азайған. Сала ұдайы Мемлекет Басшысы тарапынан қадағаланып, заманға сай өзгерістер жасалуының арқасында үнемі даму үстінде.

Соттан әділдік іздеп келген әр адам сот шешіміне қанағаттанып, өзінің ішкі жанайқайын түсініп тыңдай алатын білікті судьяларға кезігуінің маңызы зор болғандықтан, саланы да осы бағытқа икемдеу уақыт талабы болып отыр.

Өз елінің сотына сенген ел өзінің келешегіне де сенеді. Халық сотқа соңғы үмітпен жүгініп, әділдік сұрайды, егер сот шешіміне көңілі толмаса бүкіл мемлекетке өкпе қалыптасады. Сондықтан, судьяның шынайы тәуелсіздігі заңды қатаң сақтауы мен өзі қабылдаған шешімнің әділеттігіне негізделеді.

С о н д ы қ т а н , с у д ь я л а р д ы ң риясыздығына күмәнмен қарамау керек. Ал, бұл судьялардың өздеріне байланысты. Тек осындай жағдайда ғана қазақстандық сот қоғамдағы әділдіктің басты көзіне айналып, халықтың алғысын иеленеді.

Серік БЕРТАЙ,
Қазалы аудандық
сотының судьясы

**Ж.А.ТӘШЕНЕВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
БОЛАШАҒЫ АЛДА**

Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет бұл – Оңтүстік өңірі ғана емес, бүкіл Қазақстандағы ерекше оқу орны. Өйткені Жұмабек Ахметұлы Тәшенев секілді қазақ халқының тарихында ерекше орны бар тұлғаның атын иемдену – білімгерлерден үлкен жауапкершілікті талап етеді. Қазақ халқының тарихында туған елі мен халқының тағдырын қарақан басының амандығынан биік қойған тұлғалардың ішінде елдің тұтастығын сақтап қалудағы орасан жанкештілігі аңыз болған алып тұлғаның бірі - осы Жұмабек Ахметұлы Тәшенев болатын. Тың өлкесін Ресейге, Маңғыстауды Түркіменстанға бермей, қасиетті Жер-Анамыздың тұтастығын сақтап қалуда КСРО басшысы Н.С.Хрущевтің ызғарынан ықпай, арыстанша арпалысқан тау тұлғалы ардакүрең азаматтың атын иемдену – біздің ұжым мүшелеріне үлкен жауапкершілік жүктейді. Университеттің миссиясы (негізгі ұстанымы) - қоғамның қарқынды дамуының негізі болып табылатын білім беру қызметі мен ғылымды үйлестіру. Осыған байланысты университет білім беруде, ғылым мен оқу-ағарту саласында жаңашыл, жеке ізденіс жетістіктерін іске асыруға еркіндік беруде, мемлекет пен қоғамның дамуына қомақты үлесін қосуда, жас ұрпаққа саналы тәрбие беруде өзгелерге үлгі болып келеді.

Университеттің 2025 жылға дейінгі Даму стратегиясын жүзеге асыруда қазіргі заман талабына сай, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті мамандарды даярлайтын және өңірдің дамуына елеулі үлес қосатын білім беру орталығына айналу – оқу орнының басты мақсаттарының бірі. Ол үшін осы бағытта білім беру бағдарламаларын еңбек нарығындағы өзгерістерді ескере отырып жаңарту басты талап болып табылады және оны жүзеге асыру үшін барлық жағдайлар қарастырылуда.

Бүгінде университетте бакалавриаттың 13 бағыты бой-

ынша 34 мамандық бойынша, магистратураның 5 бағыты бойынша 6 мамандық бойынша білім беру қызметін жүргізу құқығына лицензиялар бар. 1 бағыт бойынша 1 мамандықтың докторантурасы бар. Ол – «Педагогика және психология» мамандығы.

Шет елдік жоғары оқу орындарымен байланыстың аясы кеңіп келеді. Атап айтқанда, Түркияның Газли университеті және Грецияның Афины қаласындағы ұлттық университетімен тығыз ғылыми байланыстар негізінде академиялық ұтқырлықтар іске асып келеді.

Қазіргі таңда техникалық мамандықтарға ғана емес, гуманитарлық мамандықтарға да басымдық беру керектігін, әсіресе, заман талабы инженерлер мен өнеркәсіпшілердің жаңа буынын қалыптастыруды талап ететінін өмір көрсетіп отыр. Осы бағытта университет жұмыс берушілердің талаптарын ескере отырып, техникалық, ауыл шаруашылығы, сервистік және ветеринария салаларында білім беру бағдарламаларын дайындауда. Егемен еліміздің қай заңын алсақ та, білім беру барысында білімгерлердің жеке бас қасиетін, тұлға ретінде қалыптасуын және оның танымдық әрекеті мен ой-санасын дамытуға баса көңіл бөледі. Себебі, білімгер – бұл болашақ маман.

Тұрғын үйге мұқтаж барлық студенттер екі жатақханаға орналастырылады. № 1 жатақхана мына мекен-жайда орналасқан: ш / а.Төменгі Отырар 140,

№ 2 жатақхана Гагарин көшесі, 22а, ғимарат мекен-жайында орналасқан.

Университеттің басты ғимараты Д.А.Қонаев көшесінде орналасқан. Білімгерлерге барлық жағдай қарастырылған.

Ш.Н.ЕРГЕШБАЕВА,
Жұмабек Ахметұлы Тәшенев
атындағы университеттің
«Педагогика және
филология» факультетінің
деканы, филология ғылымының
кандидаты

МАҚСАТТЫҢ МАҚСАТЫ

Өткен жұмада базарға бармақ болып көлік күтіп тұрғанмын. Бір кезде жаныма бір газель келіп тоқтады. Әлгі газельдің маңдай алдына, екі қапталына «Жол ақысы тегін» деп жазылған екен. Көліктен адамдар ризашылықтарын білдіріп, алғысын айтып түсіп жатты.

Менде көлікке мініп жүргізушінің қасына жайғастым. Кейбір жүргізушілер бас ауыртатын даңғаза музыканы қосып қоятын. Мына жерде қазақтың киелі қара домбырасымен айтылған термелерді тыңдап көңіліміз көтеріліп қалды. Бұрын халықты тегін таситын газелдер бар деп естуші едім. Енді мына өзім куә болған оқиғаны көріп,

жаңалық көрсем елеңдеп тұратын әдетіме басып жүргізушіге бірер сұрақ беріп үлгердім. Көлік жүргізушінің аты Мақсат екен. Өзі әңгімешіл, көпшіл жігіт екені көрініп тұр.

- Өзім айына бір рет халыққа тегін қызмет көрсетемін. Одан қалтамыз жұқарып, кедейленіп қалмаймыз. Халықтың алғысынан артық ештеңе жоқ. Бұл құдайдың жолына берілген садақамыз - деді Мақсат.

Мақсаттың бұл тірлігіне алғыстан басқа айтарымыз жоқ. Біздің мақсатымыз Мақсаттың өмір дерегі емес, халыққа жасап отырған сауатты, имандылық ісін насихаттау еді.

Жетілген БАРЛЫБАЕВ

ЖЕТЕЛІ ЕЛДІҢ ЖЕТІ БЕЛГІСІ

Ұзақ жылдарға созылған бодандық бұғауының бытшытын шығарып, еңсеңі басқан отаршылықтың өктем омырауын опырып, талай ғасырлық тарихы бар, тағдыр талқысымен шындалған, құдыреті күшті, тебіні ерен түркінің тұқымы қазақ тәуелсіз мемлекет, егемен ел болды.

Қазақстан ұлысының бағдары айқын, бағыты-капитализм, жолы-нарық. Ендігі жерде қиындығы көп, шытырман-ны мол жолдармен жүріп, өрлеп жетілмек. Қазақ елі өзінің кім екенін бүкіл дүние әлеміне паш етіп айқындап тұратын елдіктің ерекше белгілерін, рәміздерін, нышандарын айқындады. Осы жайлы ой толғап, ашып айтпақпыз.

Не құпия-сыр барын кім біле қойған, әйтеуір, қазақ баласы жетіні аса керемет қастерлеп, жетіден құдыреттің тегін, қасиеттің иесін сезіп, жеті ұғымын киелі санаған.

I-жеті ата, 2-жеті қарақшы(жұлдыздар) немесе жеті шырақ. 3-жеті шелпек. 4-жеті күн(апта) немесе жетісін беру. 5- жеті қабат жер, жеті қабат көк. 6-жеті қазына. 7- жеті жарғы. Аталған жетіліктердің әр тармағын талдап, таратып әкетсек, әрқайсысы жетіден тұрады. Барлығы қырық тоғыз болады. Адам үшін киелі ұғым, ары қарай жеті қайталанып кете берер сабақтастық, шексіздік, мәңгілік.

Жетіліктердің әрбірін табиғат-өмір аясымен астастыра байланыстырып, баламаларын тұсына қойсақ: 1. жеті ата-қан, 2. жеті қарақшы-тәңір(жылу мен жарық), 3. жеті шелпек-нәр арқау, 4. жеті күн-уақыт, 5. жеті қабат жер- негіз, 6. жеті қазына- сый, 7. жеті жарғы-күш(бағыныш құралы). Адамзат баласы осы жетіліктер желісіне көгенделіп, жаралып, жетіліп, түгелденіп, толыққанды болып отырған. Сондықтан да, жеті құпиялы, белгісіз тылсым сырға жетелейді.

Жоғарыда айтылған жетіліктердің негізгі бір тармағы – жеті жарғы (ата заң). Ата заңмен бекітіліп, ата заңмен қорғалған елдік нышандарымыз- Ту, Елтаңба, Әнұран.

Тағы да бір айта кетер жай, қазақ елінің алғашқы рәміздерін (Ту, Елтаңба, Әнұран) жасап, маңдайы жарқыраған марқасқа топтың (Шәкен Ниязбеков, Жандарбек Мәлібеков, Шота-Аман Уәлиханов, Мұзафар Әлімбаев, Қадыр Мырзалиев, Тұманбай Молдағалиев, Жадыра Дәрібаева) жетеу болғаны жәй бір кездейсоқтық емес сияқты.

I-Ту. Шымқай түс, жылы ырғақ, кең пейіл кеңістігіне кенелтіп, тосқауыл таппас тасқан күш серке сезімдерді серпілтіп, шыннан озып шаншылып, биіктен асып асқарға

қонақтап, көкжиексіз көкте күнді құшқан қыранмен қатар қалықтап, көтерілген сайын көкірек кернеген керемет екпін дарытып, үдете қуаттандырып, жігерінді жебеп тұратын тұтастық пен бірліктің, ынтымақ пен адалдық ізгі ниетімен ұштасып, ұлылықтың бірегей ұғымын көнеден тартқан құдыретті белгі. Тек сенің төбеңде ғана желбіреп, айдарыңнан жел есіртіп, тек сенің әуеніңнің астында жалаулап, тек сенің елдігің мен егемендігіңді дүниеге паш етіп тұрар нышан. Көгілдір туға қарап, көзге жас іркіліп, қарап тұрғандағы келген ой.

II-Елтаңба. Біздің Елтаңбамызда қызған сайын қуаты қоздап, жанған сайын асылданып отыратын, тұлпар тұяқ пырақтың өркениетті болашаққа қарай өрлеген сайын самғағанда талмас қанаттың, алты алаштың білік-бірлігін біте қайнасқан күлдіреуішке түйіндеп, атадан балаға мұра құдыретін қара шаңырақты көгілдір аспан жүзінде жүздіріп, мәңгі сөнбес шырағын маңдайында жұлдызымен жарқыратып, сары алтынмен сомдап нық тұғыр «Қазақстанға» қондырған, төбемізге көтеріп, төрімізге іліп, төсімізге қадап жүретін ұлттық нышанымыз.

III-Әнұран. Халықтың мұңы мен мұратын, қайғысы мен қуанышын, құштарлығы мен құлшынысын, қаһарман қажыр-қайратын, шайлықпас текті айтатын, теңіз тебіреністері мен ойлы толғаныстарын, аңсаған арманын, абырой, ар ожданын, бірліктің берекесін, ұлыстың ұйтқысын, ұлылық жаратылысын құдіретті сөздерімен өлең шумақтарына екшеп енгізген, есіткен жерден өлең еткізер, отаншыл, ұлтжанды рухынды аспандатып, алпыс екі тамырыңды тәңірлік күштің қуатымен буырқандырып, тік тұрып қарсы алып, қасқайып тұрып тыңдайтын, шабыттана жан дүниеңмен беріле шырқайтын сұлу сөз, әлгі қасиетті сөздермен қосылып айтылатын халықтың жан дауысы, құдыретті әуен. Мағынасы, мазмұны жағынан «гимн» елұран емес, ел әні.

IV-Елтұмар. Біз жазушы Жағда Бабалықовтың ұсынған пікірін ұнатқандықтан төлқұжат деп айтып, жазып паспортты осылай атадық. Өзі жүрекке жылы, көңілге қонымды әдемі сөз екен. Елтұмар – жүрекке лүпілі мен ырғағын сезіп тұратын тұстан орын беретін, азаматтығыңа кепілдік беріп, еңкейгенде еңсеңді көтерер күш-қуаттың көз кені екенін әр қадам сайын сезіндіріп, естен шығармай тұратын, арқаланап арқа тұтар алтын діңгегі. Барлығына марқайтып, көңілге шалқыма қуат орнатар, мем-

лекетке қажетті, еліңе тәуелді екенінді сездіретін, ұлттық рәміз белгілерін бүкіл бітісіне сіңірген, анықтама айнасы, ұлыс пен адам байланысының аса үздік дәнекері, еліне-жеріне тартып тұрар тартылыс күшің болады. Бұндай күшті бойда сақтау қандай ғанибет!

V-Елұран. Көзге көрінбейтін, қолға түспейтін, бірақ бар екенін білетін, қайда екені бимәлім, аты аталғанда алпыс екі тамырыңда қызыл қан тулап, тула бойыңа тараған ерен екпін қолтығыңнан демеп, жігерінді жанып, қажырыңды қайрап, қуатыңды қоздата, жүрек отын маздата найзағай намыс жарқылдап, жадыңнан жалын жанды-рар құдырет күші, айбарыңды асқақтататын әрекет етер рух!

Ол бағзы заманнан бері ата-бабаларымыздың толқытып туын желкілдетіп, найзасын көтеріп, елін-жерін қорғаған әйгілі хас батыр, қаһарман ер, аруақты адамдарды, бүтін елді бір тудың астына біріктіріп, бір мақсатқа жұмылдырар ұлы күш еді. Ата-баба аруағын шақырып ұран тастап тамыры сонау бөрілі байрақты көктүріктен де әрі де жатқан ұлы дәстүр. Атойлап ұран салып, айғай шыққанда арқасы қозбайтын, аруақтанбайтын жан болшайшы қазақта.

Бүкіл қазақ «Алаш» деп ұрандайды. «Мен-қазақ, қазақпын деп мақтанамын, ұранға «Алаш» деген атты аламын», -деген ақын Сұлтанмахмұт. Ата-бабаларымыз: «Көк асаба қызыл Ту. Айқайлаған ұлы шу. Көк жаңғыртқан ұлы шу», -деп түйдектеп-түйдектеп тебіренгендегі «шу» жай шу емес, жауға қарай от болып лап қойғанда көтерілген «ұлы шу». Қазақ кектескенде жауына қарсы шулап, улап шаппаған, аруақтандырар ұранын салып ұмтылған. Ұлы шу-ұран. Сондықтан да шу ұлы атанып тұр. Жер жаңғырта ұран тастағанда жай тұрғанның жаны шымарлап, жауға шаһқанның қаны тулап, алысқанның арқасы қозып, көкбөрісі ойнайды.

Ақылғөй дана бабамыз Абылай хан дарабоз батыр Қабанбай атын ел ұранына айналдырған. Қазақтың әр руының өз ұраны болады. Қазақ баласы аламан бәйгілерде ат қарасы көрінген жерде, аспаннан қыран сорғалап алпыс екі айлалы аңға құйылған кезде, жүрісінен жер қозғалар нар балуандар белдескенде әр атаның ұранын шақыратын. Ол – тәңірінен қуат – күш тілеп, рухын жебеу еді. Осы бір таңғажайып ғаламат қасиетінен айырылып, жалпылама даңғой жасасынға айналып, әлсіреп кетпеді ме? Мінекей, ел болып еркін шаңырақ көтерген шақта елдігіміздің қадым заманнан жалғасын тапқан ежелгі белгісінің бірі болып табыла-

тын ұранымызды тиісті орнына қойып, негізгі рәміздеріміздің қатарына көтеріп, Президентіміздің жарлығымен жаңғыртып белгілеп жатса, ғанибет емес пе? Бүгінгі және келешек ұрпақты Елұран рухымен қуаттандырап, отаншыл, қазақстаншыл нағыз ел патриоты етіп өсірудің орасан зор тағылым, тәрбиелік мәні бар. Ұран ұлттық мереке кезінде, әскери шаралар және ұлттық армия жауынгерлері ант қабылдаған сәтте айтылып жатса, қандай қисынды болар еді. Елұран – біздің ұлттық ерекше нышанымыз!

VI-Елтеңге. Тәуелсіздігі қолына тиген егемен елдің ең бір ерекше белгісі-ақша. Ақша-алтын, асыл қазына, халық байлығы, ел еңбегі. Бұрын құн өлшемі ретінде теңгені, кейін Россияның және Кеңес Одағының ақшасы-рубльді пайдаланып келдік. Өз ақшамыз, ол-егемен елдің ерекше нышандарының бірі. Сондықтан да, біз ұлттық валютамызды «Елтеңге» деп атап, ел рәміздерінің біріне жатқыздық.

VII-Жазу. Қадым замандардан келе жатқан қытайдың суреті, арабтың тізбегі, моңғолдың ирегі, тағы басқалар сол елдің ұлттық нышаны. Біз әзірше ондай мақтаныштан мақұрымбыз. Бабаларымыз бұрын төл жазуын керектеніпті. Осы үміт ендігі жерде жалғасын таба ала ма? Бүгінде ортақ пікірге тоқталған ғалымдар жоқ. Басқаның әліпбиін алайық деушілердің таразы басы салмақтырақ. Ә.Жүнісбековтің «ең қауіптісі-қазақ сөзінің айтылу үлгісі сол әліпбиін алған тілдің айтылу үлгісінің қанжығасында кететіні сөзсіз» деуін қолдап қана қою аздық ететін секілді. Неге дейсіз ғой, «Латын әліппесі-көне бір замандарда құрып кеткен елдің ешкімге тікелей әсер ете алмайтын өлі тілдің әліппесі» болғанымен «Латын жазуы-көптеген құдіретті елдің жазуы». Ал, жапондарды әлемге белгілі ғып тұрған латын әліпбиімен ереуіл өрнекті өз жазуы. Бізде ондай мүмкіндік жасалмаған. Ел болып, жұмылып қабылдаған Ата заңымыз, қазақ елінің алғашқы рәміздері-Ту, Елтаңба, Әнұран мемлекеттік биікке көтеріліп жұлдызы жанды. Еліміздің көгінен, әрбір үйдің төрінен, әр азаматтың жүрегінен құрметті орын иеленіп, қастерлеп, тәңірі тұтып, бас иер, елдің тек өзіне, өзгеге ұқсамайтын, өзін бүкіл дүниеге паш етіп тұратын қазақ елінің рәміздері үшеу емес жетеу болғай.

Олардың біз «Жетелі елдің жеті белгісі» деп атадық. Олар: 1.Ту 2.Елтаңба 3.Әнұран(Ел әні) 4.Елұран 5. Ел тұмар, 6.Елтеңге 7.Жазу.

**Дайындаған,
Жеткербай МАХАМБЕТ**

● Кәсіпкер

АЛҒЫСҚА БӨЛЕНГЕН ҚОС АЗАМАТ

Сәске түс кезінде кент орталығындағы М.Шоқай көшесімен жүріп келе жатқанмын. Сыртқы дарбазасының есігі ашық тұрған еңселі үйдің жанына жақындағанымда, аула ішінде екі жігіттің жұмыс істеп жатқанын көріп, амандасып, оң болсын айтып сөзге тарттым.

-Қазіргі кезде кент тұрғындары ауласын таза ұстауға бейімделіп, үйден сәл аласа етіп осылай төбесін жаптырып жатыр. Ауланың төбесін жабуды өздерінің айтулары бойынша жасаймыз. Істеген жұмысымыздың көлеміне қарай еңбек ақымызды аламыз.

Олардың атқарған істеріне сүйсініп қарап тұрдым. Бірі өлшеп шифер қаңылтырды қиып, екіншісі оны құрастырып бекітіп жатыр. Қимылдары шалт. Қажетті құралдардың бәрі де бар деуге болады. Шағын электрмен дәнекерлеу аппараты, темір кесетін ара, жиналмалы метр лентасы, тағы басқа да керекті құралдар самсап жатыр.

-Менің есімім Руслан Жанай,-деді кәсіпкер жігіт. -1979 жылы Жаңақазалы поселкесінде өмірге келдім. Ж.Жабаев атындағы №234 мектептің 9-сыныбын бітіргесін Ақтөбе қаласындағы техникалық колледжде оқып, электрмен дәнекерлеуші мамандығын алып

шықтым.

Әкем ұста кісі болатын, қасында жүріп тәлім-тәрбие алып, 1999 жылдан бастап кәсіпкерлікпен айналысып келемін.

Балаларымыз өсіп ержетіп келе жатыр. Оларды да оқытып, үйлендіріп, шаңырақ көтерткізу біздің парызымыз. Оның бәріне де қаражат қажет, -деді ініміз.

-Мен Руслан ағамен бірге еңбек еткеніме 5-6 жыл болды. Ағамдай араласып кеттік. Өнерін маған ерінбей, жалықпай үйретті. Қазір бәрін меңгеріп үйреніп алдым. Қазір екеуміз бір үйдің баласындай бір-бірімізбен ақылдасып, істейтін жұмысымызды ойласып, ақылдасып атқарамыз,-деді Жасұлан Әділбаев риза көңілмен.

Екеуі де отбасын құрған азаматтар. Русланның жолдасы Алмагүл кент әкімдігінде жұмыс істейді. Бес бала тәрбиелеп өсірген. Балаларының алды отбасын құрған. Жасұланның зайыбы Алтын бала күтімімен үйде отыр.

Біз қос азаматтың кент тұрғындарының талап-тілектерін мүлтіксіз орындап, алғысқа бөленіп жүргендерінің куәсі болдық.

Тілектес АЯЗБАЕВ,
Қазақстан
Журналистер
Одағының
мүшесі

● Маманның кеңесі

ШЕГІРТКЕ – ЕРЕКШЕ ҚАУІПТІ ЗИЯНКЕС

Қарақұм өңірінде итальяндық прус шегірткесі, Сыр бойында азиялық шегіртке кең таралған. Олар дөңді-дақылдар, көкөністер мен бау-бақшаларға, жайылымдық жерлер мен шабындықтарға зиянын тигізеді. Шегіртке зиянкестері күн ысыған сайын өсімдіктерден мол ылғал алу үшін онымен көп қоректенеді. Шегіртке дернәсілдері топырақтың беткі қабаты қызғанда ғана жер бетіне шығады. Дернәсілдердің даму сатысы 30-40 күнге созылып, ересек қанатты шегірткеге айналады. Даму кезінде дернәсіл 4-5 рет түлеп, 4-5 жасқа өседі. Жандануы кезінде олар үйірленіп, олардың саны бір шаршы метрде жүз және одан да көп болады. Үйірлі шегірткелердің сандары көбейген кезде, алғашқыда дернәсілдердің жиынтығы, кейін олардан шегіртке үйірлері пайда болады. Жылына бір рет ұрпақ береді.

Шегіртке көбіне адам баласы мекендемейтін, техника бара алмайтын, мал көп жайылмайтын тың жерлерге, жайылымдарға, құмдардың биіктеу жерлеріне, өсімдік тамырларының арасына өздерінен бөлініп шығатын сұйық затпен топырақты қатайтып, күбіршек жасап, оған жұмыртқа салады. Ол күбіршек шегіртке тұқымының қыстап, көктем шыға дамуына қолайлы. Ауа райына байланысты бір күбіршектен дернәсілдер 2-3 кезеңмен шығады. Шегіртке дернәсілдеріне уақытылы өңдеу жұмыстары жүргізілмесе, алдағы жылдарда мыңдаған гектар жерге тұқымын жайып жіберуі мүмкін. Саны көбейген жағдайда егістіктер, шабындықтар мен жайылымдарға зиян келтіреді.

Күніне ондаған шақырымға дейін ұшып, өсімдіктермен қоректенеді. Шегіртке – жарық сүйгіш зиянкес болғандықтан, түнгі мезгілде елді-мекендердегі, көшедегі жарықтарға ұшып келеді. Шегірткелердің көп жылдық динамикасында циклдік кезең байқалады – қатты көбеюлері мен депрессиялық жағдайлары кезектесіп отырады.

Шегіртке зиянкестеріне қарсы химиялық өңдеу жұмыстарын кесте бойынша тендер жеңімпаздары бүріккіш жер агрегатымен және аса жеңіл ұшақпен жүргізеді. Ауыл шаруашылық жерлерін зиянкестерден кешенді қорғау үшін, олардың сандарын жіті бақылап (бір шаршы метрде 3-ке дейінгі уланбайды), уақытылы химиялық әдіспен дернәсілдердің 2-3 жас кезінде өңдеу жұмыстарын жүргізудің тиімділігі жоғары.

Сондықтан шегіртке дернәсілдері байқалған аумақтағы әкімшілік немесе шаруашылық қызметкерлері, жеке қожалықтар «Республикалық фитосанитариялық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығы» РММ Қазалы аудандық филиалына (телефон номері 22-8-49) немесе ҚР АШМ Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Қазалы аудандық аумақтық инспекциясына (телефон номері 21-7-60) хабарлауларын сұраймыз.

Д.ЕРҒАЛИ,
Қазалы аудандық
аумақтық
инспекциясының
өсімдіктерді қорғау
және өсімдіктер карантин
жөніндегі
инспекторы

ЭЛЕКТРОНДЫ ҚЫЗМЕТТІҢ ЖАҢА ФОРМАТЫ

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты қорғау министрлігінің 19 мамыр 2023 жылғы №102/НҚ Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және өнеркәсібі министрлігі 18 мамыр 2023 ж № 156 бірлескен бұйрығына сәйкес мемлекеттік органдар мен олардың ведомстволық бағынысты ұйымдарының қызметкерлеріне зейнеткерлік жасқа толуына байланысты проактивті қызмет арқылы Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан жасына байланысты зейнетақы төлемдерін,

мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін және зейнетақы төлемдерін тағайындау бойынша мемлекеттік қызметтер көрсету жөніндегі пилоттық жоба 2023 жылғы 1 маусымнан бастап іске асырылуда. «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңында белгіленген зейнеткерлік жасқа толғанға дейін екі айдан аз уақыт қалған қызметкер қажет болған жағдайда мемлекеттік органның және олардың ведомстволық бағынысты ұйымдарының кадр қызметіне көрсетілген құжаттарды, HR ENBEK-ке енгізу

үшін құжаттарды ұсынады. Кадр қызметінің қызметкері HRENBEK-ке жасына байланысты зейнетақы төлемдерін және мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін тағайындау үшін Алгоритмнің 4-тармағына сәйкес ұсынылған құжаттардан қызметкердің еңбек қызметі туралы мәліметтерді енгізеді. Зейнетақы төлемдерін проактивті нысанда тағайындауға келісім беру мүмкіндігі туралы sms-хабарлама жіберіледі. Sms-хабарламаға жауапты күту мерзімі sms-хабарлама жіберілген сәттен бастап 3 жұмыс күнінен аспай-

ды. Көрсетілетін қызметті алушыдан үш жұмыс күні ішінде жауап болмаған жағдайда, қызмет көрсету процесі проактивті нысанда аяқталады. 1414 нөмірі бойынша берілген sms-хабарламаға үлгіге сәйкес жауап жазылуы қажет.

Т. ҚҰЛМҰРАТОВ,
«Азаматтарға арналған
үкімет МК КЕАҚ-ның
Қызылорда облысы
бойынша филиалы
әлеуметтік
қамсыздандыру бойынша
Қазалы аудандық бөлімінің
басшысы

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады. Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспаханың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор-бас редактор - 2-17-49, директор-бас редактордың орынбасары - 2-47-77, жауапты хатшы және бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11017 дана.